



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

**М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
мемлекеттік университеті**

**М.ӘУЕЗОВ атындағы  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ӘДЕП КОДЕКСІ**

Шымкент, 2020

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры

 Д. Қожамжарова

« 31 » 01 2020ж.

**М.ӘУЕЗОВ атындағы  
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ӘДЕП КОДЕКСІ**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Ғылыми Кеңесі мәжілісінің  
« 31 » 01 2020 ж. № 8 хаттамасымен бекітілген.

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орнының беделі оның әр қызметкері мен оқытушысының құзыреттілігі, кәсіби, моральдық-этикалық және басқа да адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің (ары қарай – университет) Әдеп кодексі (ары қарай –Әдеп кодексі) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 43-бабының 3-тармағы 1-тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 5, 16 баптары, университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және ішкі еңбек тәртібінің ережелері, жалпыға танылған этикалық нормалар мен қағидалар негізінде әзірленген.

1.2.Әдеп кодексі университет басқарушы құрамы, қызметкерлері, оқытушылары мен білім алушылардың моральдық-этикалық бейнесіне негізгі талаптарды белгілейді. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және сақтау, қабылдау, адамгершілік қасиеті, университет мүдделеріне беріктігі және кәсіби қызметіне адалдығы- университет қауымдастығы мүшелерінің адамгершілік-этикалық мінез-құлқының негізін құрайды.

1.3.Университеттің Әдеп кодексі іскерлік қарым-қатынас пен мінез-құлық ережелерін, нормаларын, негізгі қағидаларын бекітеді және төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- Университет миссиясын тиімді дамыту мен дамудың стратегиялық басымдықтарын жүзеге асыруда университет қауымдастығы мүшелерінің моральдық-этикалық құндылықтары мен ұйымдастырушылық мінез-құлқын қалыптастыру;

- Қазақстандық және халықаралық білім беру кеңістігінде университеттің бәсекеге қабілеттілігі мен мәртебесін көтеруде мамандар даярлау сапасын жоғарылатуға бағытталған, университеттің тәрбие және ұйымдастырушылық, ғылыми, оқу-педагогикалық қызметтері негізінде рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту мен бекіту.

1.4. Әдеп кодексі университеттің Ғылыми кеңесінде қабылданады және қызметкерлер назарына сәйкес құрылымдық бөлімдер, оқытушылар мен білім алушылар назарына университеттің факультеттері мен кафедралары арқылы жеткізіледі, сондай-ақ осы құжаттың мәтіні университеттің ресми сайтына және ғимараттарында қойылып, таныстырылады. Осыған қоса, жұмысқа қабылданған күннен бастап бір аптаның ішінде ұйымдастыру-мамандар бөлімінің қызметкерлері оқытушыны және қызметкерді Әдеп кодексі мәтінімен жазбаша түрде таныстыру қажет.

## **2. Кодексте келесі ұғымдар қолданылады:**

**Әдеп нормалары** – университет басқарушы құрамы, қызметкерлері, оқытушылары мен білім алушыларының университет ішіндегі қарым-қатынас барысындағы мінез-құлқының моральдық-этикалық қағидалары.

**Әдеп жөніндегі уәкіл** – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде қызметшілерге, оқытушыларға және білім алушыларға консультация беретін лауазымды тұлға.

**Әдеп жөніндегі кеңес** – әдеп қағидаларының бұзылуын қарап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган.

**Университет қауымдастығы мүшелері** – университет басқарушы құрамы, қызметкерлері, оқытушылары мен білім алушыларынан тұрады.

### **3. Кодекстің мақсаты:**

Әдеп кодексiнiң мақсаты М.Әуезов атындағы ОҚМУ қауымдастығы мүшелерiнiң мiнез-құлық ережелерi мен нормалары жиынтығын белгiлеу және ұжымда жағымды ахуал қалыптастыру болып табылады. Кодексте бiрлескен қызмет барысындағы мiнез-құлық пен қарым-қатынастың бiрегей стандарттарының айқын үлгiлерi ұсынылады.

### **4. Кодекстің мiндетi**

Әдеп кодексiнiң мiндетi М.Әуезов атындағы ОҚМУ қауымдастығы мүшелерiнiң өзара қатынасы барысында заң нормаларында және осы кодексте бекiтiлген мiнез-құлық ережелерi мен моральдық-этикалық құндылықтардың сақталуына жан-жақты ықпал ету.

### **5. Қағидалар**

Университет қауымдастығы мүшелерi өзара қатынас барысында және өз қызметiн жүзеге асыру кезiнде мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

- 1) заңдылық;
- 2) теңдiк;
- 3) әдiлеттiлiк;
- 4) әдептiлiк;
- 5) адалдық;
- 6) жауапкершiлiк;
- 7) жеке адамның ар-намысы мен қадiр-қасиетiн құрметтеу.

### **6. Кодекстің қоданылу аясы**

Кодексті қабылдай отырып, ОҚМУ өзiнiң корпоративтiк мәдениетiнiң жоғары деңгейiне ұмтылысын растайды, оның ережелерiн сақтауға, күнделiктi қызметiне ендiруге және қолдауға мiндеттенедi.

Әдеп кодексінің нормалары университет қауымдастығы мүшелерінің барлығына қатысты қолданылады, университет қызметкерлері мен оқытушылары кодекспен танысқан сәттен бастап оны ұстану бойынша міндеттеме алады.

## **7. Университет қауымдастығы мүшелері мінез-құлқының жалпы стандарттары мен міндеттері**

### **7.1. Университет басқарушы құрамының мінез-құлық стандарттары**

- 1) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға;
- 2) меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге;
- 3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға;
- 4) еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдауға;
- 5) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал етуге өзінің қызметтік дәрежесін пайдаланбауға;
- 6) құқыққа қарсы қылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына жат қылықтарды жасауға мәжбүрlemeуге;
- 7) оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс.

### **7.2. Университет қызметкерлері мен оқытушылары міндетті:**

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысын, Академиялық адалдық ережесін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және адамгершілік-этикалық нормаларын адал орындауға және сақтауға;
- 2) Қазақстан халқы бірлігі және ұлтаралық келісімді нығайтуға үлесін қосуға, мемлекеттік және басқа тілдерге Қазақстан халқы салт-дәстүрлеріне, түрлі этникалық, әлеуметтік топтар мен конфессиялардың мәдениетімен санасуға, сыйлауға, төзімділік танытуға, ұлтаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға мүмкіндік жасауға;
- 3) Академиялық қауымдастыққа университет беделін нығайту мен оқытушы кәсібінің имиджін жоғарлату үшін ықпал етуге;
- 4) Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, әділдік пен адалдықты жақтауға, өзіне талапшыл болуға;
- 5) Өз қызметін жоғарғы кәсіби деңгейде жүзеге асыруға;
- 6) Жалпы мәдениетті сақтауға, сыпайылық пен мейірімділік, әдептілік танытуға, сөйлеу мәдениетін сақтауға, дөрекілікке жол бермеуге, орынсыз сөздер мен репликаларды қолданбауға, жалған ақпарат таратпауға;

7) Жұмыс барысында ЖОО қызметкері мен оқытушысының қызметіне сай сабырлылық және ұқыптылықпен ерекшеленетін іскерлік стильдегі киім үлгісін ұстануға;

8) Университет беделі, мүлкі мен қаржысына зиян келтіретін әрекеттерге бармауға, жеке басының табысы үшін ғылыми-зерттеу нәтижелері немесе басқа да ақпаратты пайдаланбауға;

9) Парақорлықтың алдын алуға, жеке қызметінде әділ және адал еңбек үлгісін көрсетуге;

10) Университет дәстүрлерін құрметтеуге және дамытуға, оның абыройы мен беделін сақтап, нығайтуға мүмкіндік жасауға;

11) Қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) Қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға.

### **7.3. Оқытушы білім алушымен қарым-қатынас барысында міндетті:**

1) Білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

2) Білім алушылар өзіне талап қоя отырып, білім алушылармен сыйластық қарым-қатынас орнатуға;

3) Объективтілік пен бейтараптылықты сақтауға;

4) Білім алушылардың бойында дербестік, бастамашылық, жауапкершілік, адалдық, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға белсенді ат салысу, салауатты және қауіпсіз өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға;

5) Білім беруде педагогикаға негізделген және оқытудың жоғары сапалы түрін, тәрбие мен оқудың әдіс-тәсілдерін қолдануға;

6) Білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескеруге, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға білім алу үшін қажетті арнайы шарттарды сақтауға;

7) Білім алушыларға, олардың ата-аналарына (занды өкілдерге) ілтипаттылық пен зейінділік танытуға;

8) Лауазымды міндеттерді орындау барысында білім алушының жеке өміріне, оның абыройы мен қадір-қасиетіне қатысты өзіне мәлім ақпараттың құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуге;

9) Оқытушының лауазымды міндеттерін адал орындауына күмән келтіретін мінез-құлықтан арылуға, сонымен қатар, оның абыройына немесе университет беделіне зиян келтіретін даулы жағдайларға ұшырамауға;

10) Іскерлік этикет пен мінез-құлық ережесін сақтауға.

### **7.4. Қызметкерлер мен оқытушылар әріптестермен қарым-қатынас барысында міндетті:**

1) Әріптестермен қарым-қатынаста сыпайылық пен тиянақтылық танытуға, олармен жалпы қабылданған қатынас жасау формаларын пайдалана отырып, мәдениетті қарым-қатынас орнатуға;

2) Ортақ нәтижеге жету мақсатында өзінің білімімен және тәжірибесімен бөлісуге;

3) Әріптестерінің және басшылардың айтылған сыны мен ескертуін дұрыс қабылдап, орын алған қателерді уақытылы түзетуге;

4) Әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) Әріптестерінің жеке басына қатысты зиян келтіретін ақпараттарды таратпауға.

### **7.5. Университеттің басқарушы құрамы, қызметкерлері мен оқытушыларының қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары**

Қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге;

2) қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс.

### **7.6. Білім алушы міндетті:**

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысын, Академиялық адалдық ережесін, ішкі тәртіп ережелерін, университеттің өзге де нормативтік актілері мен Әдеп кодексі нормаларын сақтауға;

2) Оқыту процесінде адалдыққа жат әрекетке, немқұрайлылыққа, әділетсіздікке жол бермеуге;

3) Оқытушылармен, қызметкерлермен, университет әкімшілігі өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық танытуға, оларға өзімшілдік қатынас танытпауға және дөрекілік пен теріс қылық көрсетпеуге;

4) Университет абыройына немесе студенттік қауымдастық беделіне зиян келтіретін іс-әрекеттен бас тартуға;

5) Аудиториялық сабаққа уақытылы қатысуға;

6) Аудиториялық сабақ барысында оқытушыға сөз қайтармауға, ерегіспеуге, жүгенсіз кетпеуге, әдепсіздік көрсетпеуге;

7) Тартымды көрінуге, сырт келбеті этика нормаларына сәйкес келуге.

### **8. Әдеп жөніндегі уәкіл**

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде қызметшілерге, оқытушыларға және білім алушыларға консультация беретін лауазымды тұлға.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары басшылық қызмет атқаратын, сондай-ақ ұжымда қадірлі және құрметке ие болған тұлғаға жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл университет ректорының бұйрығына сәйкес тағайындалады.

### **9. Әдеп жөніндегі кеңес**

Әдеп жөніндегі кеңес – әдеп қағидаларының бұзылуын қарап, нәтижелері бойынша тиісті ұсынымдар енгізу, сондай-ақ бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды іске асыру үшін білім беру ұйымында құрылатын алқалы орган.

Университет қауымдастығы мүшелерінің осы кодекстің 7.1., 7.2., 7.3., 7.4., 7.5., 7.6. - пункттеріндегі мінез-құлық пен қарым-қатынас стандарттарын сақтамауы Әдеп кодексі нормасын бұзу деп танылады, сәйкесінше орын алған әрекет немесе әрекетсіздік Әдеп жөніндегі кеңесте қаралуға жатады.

Әдеп жөніндегі кеңес университет ректорының бұйрығына сәйкес құрылады, қызметін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін педагогтік әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

Кеңес шешімі ұсынымдық сипатта болады.

Әдеп кодексі нормасын бұзған тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы шешім Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы ескеріле отырып, университет ректорының актісімен қабылданады.

ЖОО-ның Әдеп жөніндегі уәкілі мен Кеңесі жұмысының регламенті ереже нысанында бекітіледі.

### **10. Жауапкершілік және қорытынды**

Университет қауымдастығының мүшелері осы Кодексті сақтау бойынша барлық міндеттерді өз еркімен қабылдайды.

Кодекс ережелері жұмыс істеу мерзімі мен лауазымына қарамай, барлық тұлғалар үшін бірдей болып табылады.

Әкімшілік пен университет ұжымының Әдеп кодексін сақтауы әр қызметкер мен оқытушының моральдық міндеті мен кәсіби парызы болып табылады.

Әдеп кодексін сақтау немесе бұзу бос орындарға жарияланған конкурсты өткізу барысында ескертілетін болады. Қызметкерлер мен оқытушылардың университеттегі қызметін жалғастыруға жол бермейтін теріс қылықтарына байланысты тәртіптік шаралар белгілеуде, сондай-ақ



еңбек міндеттерін адал атқарған қызметкерлер мен оқытушыларды ынталандыру барысында ескертілетін болады.

Қызметкер немесе оқытушының Әдеп кодексі нормасын бұзуы Әдеп жөніндегі кеңесте талқыланады және расталған жағдайда ректор бұйрығымен еңбек келісім-шартын бұзу үшін негіз болып табылады.